

Шеденов Ө.Қ.,  
Асанова Г.Б.

**Қазақстанда қолайлы  
инвестициялық климат құру  
және инновациялық  
белсенділікті арттыру**

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық және инновациялық процестер әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың негізгі алғышартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа стратегиясы бәсекеге қабілетті экономика, әлеуметтік саясат, жоғары технологиялық индустриялық сектор құрудың алғышарттарын жасауға бағыттайды. Мұндағы міндеттер – елге ақшаны ғана емес, технологияны да тарту, екіншіден, енді «шикізатты технологияға айырбастау» формуласы сипат алуы болып табылады.

Мақалада инновациялық экономика жаңа нарықтарды игеру, нарықтағы жаңа идеялар, интеллектуальдық қабілет, инновациялық өнімнің экономиканың ескі құрылымымен алмасуы және жаңа сапаға ауысуы, т.б. мәселелер талданады.

**Түйін сөздер:** инвестиция, инновация, ақшалай капитал, экономикалық саясат, инновациялық өнім, әлеуметтік сектор, инвестициялық климат.

Shedenov U.K.,  
Asanova G.B.

**Creating an attractive investment  
climate and increasing  
innovation activity in Kazakhstan**

Currently, investment and innovation processes carried out in Kazakhstan, as the basic premises of socio – economic development, are the root cause of the successful implementation of reforms in the country. The new strategy of development of Kazakhstan till 2050 provides for the establishment of priority conditions for the development of competitive economy, social policy, industrial high-tech sector. Here, the main task – not only to attract money into the country, and the involvement of technology, and secondly, is now characterized by the formula «the exchange of raw materials technology».

An innovative economy is built through the creation of new markets. Ideas in new markets, development, intellectual property, product innovation replaces the old structure of the economy and transferred to a new quality.

**Key words:** investment, innovation, money capital, economic policy, innovative product, social sector, the investment climate.

Шеденов У.Қ.,  
Асанова Г.Б.

**Создание привлекательного ин-  
вестиционного климата и  
повышение инновационной  
активности в РК**

В настоящее время инвестиционные и инновационные процессы, осуществляемые в Казахстане, как основные предпосылки социально – экономического развития, являются первопричиной успешного осуществления реформ, проводимых в стране. Новая стратегия развития Казахстана до 2050 года предусматривает создание первоочередных условий для развития конкурентно способной экономики, социальной политики, индустриального сектора высоких технологий. Здесь основная задача – не только привлечение денег в страну, и привлечение технологий, во-вторых, теперь характерна формула «обмен сырья на технологии».

Инновационная экономика строится через образование новых рынков. На новых рынках идей, разработок, интеллектуальной собственности, инновационных продуктов заменяются старые структуры экономики и переводятся в новое качество.

**Ключевые слова.** Инвестиция, инновация, денежный капитал, экономическая политика, инновационный продукт, социальной сектор, инвестиционный климат.

**ҚАЗАҚСТАНДА  
ҚОЛАЙЛЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЛИМАТ  
ҚҰРУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК-  
ТІ АРТТЫРУ**

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағынан одан әрі жаңғыруы – Қазақстан дамуының ең басты бағыты. Бұл адами капиталға қатысты сапаның артуы әрі оның ішінде білім сапасы мен ғылыми ізденіс нәтижелерін жоғарылату Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президентінің «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты Жолдауының негізгі өзегі. Елбасы анықтап берген мемлекеттік бағдарламалар мен аясы кең мегажобалар еліміздің ішкі жағдайымызға ғана емес, белгілі дәрежеде өзге де әріптес елдер мен қарым-қатынасымыздың дамуына серпін берері сөзсіз [1].

Еліміздің болашағы – оның интеллектуалдық қорында, ғылымы және инновация жетістіктерінде. Тек жоғары сапалы, ең соңғы ғылым жетістіктеріне сай техника мен технологиялар ғана экономиканы көркейтіп, халық өмірін жақсартуға қабілетті. Сондықтан ғылымға және ғылыми-техникалық және инновациялық саясатқа ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан-2050 Стратегиясында инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясатын қалыптастыруымыз қажет екенін, сонымен қатар теңдессіз инновациялар жасау үшін барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн деп атап көрсетті [2].

Инвестициялау үрдісі кез келген экономикада жүзеге асырылатын экономикалық қатынастар. Бұл экономикалық қатынастар ақша ресурстарын қайта бөлуде, оларды керек ететін субъектілер арасында жүргізіледі. Инвестиция әлеуметтік-экономикалық жүйеде жиі қолданылатын ұғым болғандықтан, әлеуметтік-экономикалық секторда микро және макро деңгейінде қарастырылады. Бірақ экономикалық ғылымда зерттеушілер тарапынан әлі де болсын инвестицияның теориялық және практикалық қажеттілігі мен қауіпсіздігін анықтайтын, бұл ұғымға байланысты нақты түсініктемелері аз. Инвестицияны қолданатын және әлеуметтік-экономикалық секторға енгізетін субъектілердің қатарына мемлекет, фирмалар және үй шаруашылығы жатқызылады [3].

Әлеуметтік-экономикалық мазмұны бойынша инвестициялар қоғамдық пайдалы қызметтерді атқаруын білдіреді. Оларға келесілер жатқызылады:

өндірістік, өндірістік емес аялардағы жай және ұдайы өндіріс үдерісін қамтамасыз ету;

өндірістік үдерісті қайта жаңарту үшін тозылған негізгі қорларды және қолданылған шикізат пен материалдардың орнын толтыру;

капиталдық, қаржылық салымдарды жұмсау негізінде бір аядан басқа тартымды аяларға капиталды аудару;

басқа кәсіпорындардың қаржылық активтеріне қаражаттарды жұмсау арқылы меншік иеленушілер арасында капиталды қайта бөлу;

адам әлеуетін, жаңа технологиялар мен материалдарды дамыту;

болашақтағы экономикалық өсу үшін негізді қалау.

Макроэкономикалық деңгейде инвестициялар, әсіресе капитал жұмсалымы ұлттық экономиканың дамуына және қоғамдық өндірістің тиімділігін жоғарылатуына негіз болып табылады.

Ал микродеңгейде инвестициялар келесі мақсаттарға жету үшін қажет:

Макроэкономикалық деңгейде инвестициялар	Микроэкономикалық деңгейде инвестициялар
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кәсіпорындардың және өндірістік емес аяның өндірістік қорларын жүйелі түрде жаңарту.</li> <li>- Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, отандық өнімнің сапасын жоғарылату мен бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету.</li> <li>- Барлық халық шаруашылығының салаларын тепе-тең түрде дамыту.</li> <li>- Қажетті шикізат базасын құру.</li> <li>- Елдің экономикалық әлеуетін үдету және мемлекеттің қорғаныс мүмкіндігін қамсыздандыру.</li> <li>- Өндіріс және айналыс шығындарын төмендету.</li> <li>- Экспорт құрылымын жоғарылату мен жақсарту.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қызмет аяларын жоғарылату мен ұлғайту.</li> <li>- Негізгі өндірістік қорлардың тым моральдік және физикалық тозуын келтірмеу.</li> <li>- Өндірістің және өткізілетін өнімнің өзіндік құнын төмендету.</li> <li>- Жаңа техника мен технологияларды енгізу негізінде өндірістің техникалық деңгейін жоғарылату.</li> <li>- Өнімнің сапасын жақсарту мен өнімнің бәсеке қабілеттігін қамсыздандыру.</li> <li>- Қауіпсіздік техникасын жоғарылату және табиғатты қорғау шараларын өткізу.</li> <li>- Кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету.</li> </ul>

1-сурет. Инвестиция түрлері

Сонымен инвестиция әлеуметтік-экономикалық санат ретінде экономиканың дамуында маңызды рөл атқарады. Макроэкономикалық деңгейде олар жай және ұдайы өндірісті қамтамасыз ету, сонымен қатар өндіріс көрсеткіштерін, халықтың жұмыспен қамту деңгейі мен өмір сүру деңгейінің жоғарылауына мүмкіндік береді [4].

Салымдарды өсіру мүмкіншілігі инвесторларды жоғары тәуекелге баруға мәжбүрлейді, инвестициялық ағындарды басқарады, инвестициялық портфельдің әртүрлі тұрпаттарын қалыптастыруға, қаржылық активтерді орналастыруға нұсқау береді. Инвестициялық іс-әрекет шеңберінде рыноктық экономиканың көптеген субъектілері, жеке тұлғалар, шағын және орташа фирмалар, ірі халықаралық корпорациялар, банктер және үкіметке дейін қатынасқа түседі. Салымдар әртүрлі сфералар мен объектілерге, әртүрлі нысандар мен бағыттарда жасалады. Сондықтан

инвестиция мәселесі өте әлеуметтік-экономикалық маңызды тәжірибелік мәселеге айналады, әртүрлі мемлекеттердің экономикалық ғана емес, әлеуметтік мәселелерін, саяси жағдайларын, ұлттық экономиканың өсу мүмкіндіктерін, құрылымдық қайта құруды, халықтың әл-ауқатын және басқа үдерістерді анықтайды.

Осыған орай инвестиция субъектілері бола алады: мемлекет; жеке және заңды тұлғалар (отандық және шетелдік); кәсіпорындар, фирмалар, АҚ, концерндер, комбинаттар және т.б.; банктер (ұлттық және коммерциялық); сақтандыру ұйымдары; зейнетақы қорлары (жеке және мемлекеттік); инвестициялық қорлар; халықаралық ұйымдар; басқа да бюджеттік емес қорлар.

Инвестициялық іс-әрекеттің объектілері: экономиканың барлық сфералары мен салаларындағы негізгі және айналмалы қорлар; бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, сертификаттар

және т.б.); мақсатты ақшалай салымдар; ғылыми-техникалық өнімдер; мамандарды дайындау және қайта дайындау; мүлктік құқық пен санаткерлік меншік құқығы.

Қоғамдық өндірістің әртүрлі сфераларында көп қырлы қызмет ететін, мүдделерінің бағыты әртүрлі инвестициялық іс-әрекеттің субъектілері мен объектілерінің көп болуы ұлттық экономика көлемінде олардың қызметін реттеудің объективті қажеттілігін туындатады. Сонымен бірге, мемлекеттік реттеу үдерісі күрделі үдеріске айналады. Инвесторлар үшін қолайлы қауіпсіздік жағдайларды қалыптастыру, қорғау, реттеудің әртүрлі әдістері мен құралдарын пайдалану арқылы мемлекет инвестицияның барлық субъектілерінің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін үйлестіруге, олардың инвестициялық қызметтерін белсенді етуге ықпал етуі тиіс [5].

Ғылыми-техникалық әлеует кез келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей экономикалық даму, көркеюдің негізгі жолы – ғылыми-техникалық және инновациялық салада көшбасшы болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Мемлекет өз тарапынан ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласына қолдау жасап, тиімді саясат жүргізіп отырады. Өйткені мемлекеттік инновациялық саясаттың негізгі мақсаты – ғылыми-техникалық жетістіктерді адам игілігі үшін пайдаланып, адамзат өмір сүру жағдайларын сапалы түрде жақсартуға бағыттайды. Ал бұл бүкіл адамзат тіршілігі мен шаруашылығының негізгі басты мақсаты. Қазақстандықтар шетел жаңалықтары мен ғылыми-техникалық жетістіктерін табысты түрде игеріп, оларды жоғарғы қарқынмен қызметтеріне енгізіп келеді. Әрине бұл инновациялар халықаралық технологиялық деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді. Шетел технологиясы мен техникасын игерумен қатар өз ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетіміздің дамуына жағдай жасап, отандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін өндіріске енгізіп, оларды бағалай білуіміз керек.

Инновациялық өнімді қалыптастыру және оны нарыққа енгізу өзіндік ерекшелігі бар белгілі бір кезеңдерден өтеді. Сонымен қатар, инновацияның өзіндік қорғану мақсаттары бар. Қазіргі уақытта әлемде көптеген елдер экономикасына инновацияларды енгізуде өзара төрт шешуші

ресурс үшін бәсекелестікке түседі: табиғи ресурстар; адам ресурстары (дарындар); қаржылық ресурстар; заманауи тауарлар мен қызмет көрсетулердің жаһандық нарығы. Аталған ресурстарды тиімді пайдаланып, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін әлемнің дамыған және дамушы елдері экономикасын инновацияға негіздеу барысында өздерінің ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруда.

Инновациялық үдеріс ғылымды, техниканы, өндірісті, инвестицияны, басқаруды біріктіреді. Инновациялық үдерісте әр түрлі сапалық және техникалық деңгейдегі мәселелер шешіледі. Қазақстан жаңа экономикалық дәуірге, яғни инновациялық индустриалды даму сатысына аяқ басу үстінде. Әрине қазір инновациялық өнім өндіру, оны тиімді сату кез келген мемлекетке орасан зор табыс әкелетіні баршаға әйгілі [6].

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың стратегиясында экономика салаларын әртараптандыру жолымен мемлекеттің тұрақты дамуына және бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновацияларға да қол жеткізуге бағытталған. Қоғам мен экономиканың ары қарай тұрақты дамуы инновациялық экономиканы жаңартудағы адам ресурстарын тиімді басқару инновациялық саясатта мемлекетпен бағытталған шараларды өткізу кезінде мүмкін.

Біздің еліміздің болашағы – оның интеллектуалды қоры, ғылымы және инновация жетістіктерінде. Тек жоғары сапалы, ең соңғы ғылым жетістіктеріне сай техника мен технологиялар ғана экономиканы көркейтп, халық өмірін жақсартуға қабілетті. Сондықтан да, ғылымға және ғылыми-техникалық және инновациялық саясатқа ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Инновациялық экономиканың жаңартылуында мемлекетте ғылым ел экономикасы мен өндірісінің дамуына, индустриясының өркендеуіне қызмет жасауға тиіс. Ендеше, елімізде ғылым мен ғалым мәртебесін биіктету бір – бірімен тығыз байланысты. Осы екі ұғымның қадір-қасиетін көтеру ісіне терең бет бұрыс қажет. Ал, онымен байланысы болмаған, құрғақ күйіндегі, өзімен-өзі тұйықталған ғылымнан келер пайда аз болады. Яғни, ғалымдардың ғылымға жұмсайтын ақыл-ойлары мен күш қайраты өндіріс пен индустрия өкілдерінің іс-әрекеттері мен ұштасып, үйлесім табуы тиіс. Немесе, керісінше, өндірісшілер де ғылымға қарай беттерін бұрып, икемделе түсетін болса, ортақ нәтиже де көп күттірмесі анық. Осыдан, қазіргі ғылыми ізденістер мәні және маңызы жоғары, ғылымның қатысуын қажет ететін ел экономикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың стратегиясында экономика салаларын әртараптандыру жолымен мемлекеттің тұрақты дамуына және бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновацияларға да қол жеткізуге бағытталған. Қоғам мен экономиканың ары қарай тұрақты дамуы инновациялық экономиканы жаңартудағы адам ресурстарын тиімді басқару инновациялық саясатта мемлекетпен бағытталған шараларды өткізу кезінде мүмкін.

стриялық дамуында инновациялық жобалардың жүзеге асуына бағыттталып отыр [7].

Дамыған елдердің экономикалық артықшылығы көп жағдайда адами капиталдың өзінің өлшемімен емес, адамның өндірістегі пайдаланған шығармашылық еңбегі нәтижесінде шығарған өнімінің және көрсеткен қызметінің көлемі және сапасымен өлшенеді. Адамзаттың тұрақты дамуында инновация мен инвести-

цияның алар орны ерекше, өйткені, біз қажетті жағдай жасау арқылы алдымен адами капиталды дамытамыз, яғни біліктілігі жоғары, қабілетті шығармашыл мамандар қалыптастырамыз. Осы білікті мамандар жоғары дамыған технологиялы өндірісті, қызмет көрсетуді және әлеуетті бәсекелі экономиканы қамтамасыз етеді. Ал, дамыған жоғары экономика – адамзаттың тұрақты дамуының кепілі.

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. – Астана. – 2014.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана. – 2012.
- 3 Есенгельдин Б.С., Ақбаев Е.Т. Қаржылық менеджмент: оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 288 б.
- 4 Омарова А.К. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу: оқулық. – Алматы: Таугуль-ПРИНТ, 2009. – 236 б.
- 5 Бибатырова І.А., Кекілов Б.Ж. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 102 б.
- 6 Купешова С.Т. Инновациялық менеджмент: оқу құралы. – Алматы, 2014. – 234 б.
- 7 Тажигулова Ж.Ж. Инновациялық менеджмент: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 111 б.

#### References

- 1 Nazarbayev N.A. Nurly zhol – bolashakka bastar zhol. – Astana. – 2014.
- 2 Nazarbayev N.A. "Kazakhstan-2050" Strategiyasy – kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty. – Astana. – 2012.
- 3 Esengeldin B.S., Akbayev E.T. Karzhylyk Management: okulyk. – Almaty: ZHSHS RPBK "Dauir", 2011. – 288 b.
- 4 Omarova A.K. Investitsyany karzhylandyru zhane nesieleu: okulyk. – Almaty: Taugul-PRINT, 2009. – 236 b.
- 5 Bibatyrova I.A., Kekilov B.J. Ultyk ekonomikany memlekettik retteu: oku kuraly. – Almaty: Kazak universiteti, 2007. – 102 b.
- 6 Kupeshova S.T. Innovastyalyk Management: oku kuraly. – Almaty, 2014. – 234 b.
- 7 Tazhigulova Zh.Zh. Innovastyalyk Management: oku kuraly. – Almaty, 2009. – 111 b.

